

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

*Жасырғанды айт сен деп,
Пиықпенен қосып сабады [Қоблан, 19 бет].*

Айт етістігі өзгелік етіс жұрнағын қабылдап, табыс және барыс жалғаулы сөздерді меңгереді. Мысалы:

Айтқызармын өлеңді [Алпамыс батыр. 247 б].

Мұндай құбылыс қарақалпақ тілінде де бар. Мысалы:

«Қалдырмай айт занғар!» деп,

Ғаррыны тутып сабады [Қоблан 18 бет].

Өзбек тілінде:

Албатта, эшитган менинг шартимни,

Кимга айтайин, дўстлар, ички дардимни [Булбул. Кунтуғмиш, 207 бет].

Айт етістігі ырықсыз етіс жұрнағын қабылдап, сабақтылық мәннен салттық мағынаға ауысады. Міне, осымен байланысты **айт** етістігі табыс жалғаулы сөзді меңгеру мүмкіншілігінен айрылады. Мысалы:

Ай, тақсыр, бір сөз қапты айтылмаған [Арқалық батыр. 140 б].

Сөйлеу етістіктерінің прагматикасын қарастыру барысында, олардың прагматикалық тұрғыдан өзіндік қызмет атқаратындығына көз жеткіздік. Қорыта келгенде, сөйлеу етістіктері – етістіктің дербес бір топ құрайтын семантикалық топшасы. Бұл етістіктер мағыналық жағынан синоним болғанымен, сөйлеу контекстінде бірінің орнына бірі барлық жағдайда қолданыла бере алмайды. Сөйлеу етістіктері қандайда бір ақпаратты жеткізуімен сипатталса, олардың әрқайсысының білдіретін мағыналары әртүрлі. Өйткені қандайда бір ақпарат айтушының ыңғайына қарай әртүрлі формада болады. Осыған орай олардың іштей бірнеше топқа бөлінетіндігіне көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Павлодар, 2010.
2. Н.Оралбай. Қазіргі қазақ тілінің мопрфологиясы. – Алматы, 2007.
3. Н.К.Дмитриев. Глаголы речи в языках тюрской группы. Москва, 1962.
4. Н.З.Гаджиева. Глаголы речи в тюрских языках / Н.З.Гаджиева, А.А.Коклянова // Историческое развитие лексики тюрских языков. АН СССР. Инст-т языкознания. – М., 1961.
5. М.Оразов. Семантика казахского языка. Алматы, 1983
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2008. – 968 б.
7. А.Ә.Османова. Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 128 б.
8. Қ.Қасабек. Бір буынды негізгі түбір салт етістіктер. Алматы, 1999.121 б
9. А.Аблақов. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. Алматы «Мектеп» 1986.
10. Батырлар жыры, I том, - Алматы: Жазушы, 2000. – 256 бет.
11. Манас: Эпос. I кітап, - Фрунзе: Кыргызстан, 1984. – 248 бет.
12. Қоблан, - Қарақалпақ мемлекет баспасы, Нокис – 1959
13. Булбул, I том, - Ташкент, 1971.

ӨОЖ 811.512.122:001.4

ТІРКЕСТІ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДЕ БЕРІЛУІ (әдебиет және лингвистика сөздігі бойынша)

Әукенова Толғанай Қанатқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –ф.ғ.к., доцент Б.Г.Мамаева

Тіл мамандары күрделі сөз мәселесі туралы айтып та, жазып та келеді. Бірақ күрделі сөздің анықтамасы, қағидасы, сипаттамасы, межесі тәрізді ұстанымдарын – басқа күрделі

тілдік құбылыстардан ара-жігін ажырататындай заңдылықты дөп басып ұстау қиын. Әдетте, не нәрсенің болмасын айқын заңдылығы болмаса, оның дұрыс шешімін табуы оңайға соқпайтыны белгілі. Күрделі сөздің тарихына көз жүгірткенде, ғалымдар тарапынан айтылған пікірлердің сан алуандығы осыдан ба деп ойлаймыз. Оның себебі де түсінікті. Расында да, күрделі сөздің бір қырынан қарағанда, басқа тілдік құбылыстардан пәлендей айырмашылығы аңғарыла да бермейді. Сол себепті оны анықтау, сыр- сипатын белгілеу, табиғатын түсіну өте ауыр. Сондықтан да болар қай кезеңде де күрделі сөз лингвистикасы күн тәртібінен түскен емес.

Күрделі сөздердің түрлі болуы оның аналитикалық тәсілдің әр түрімен жасалуына байланысты. Аналитикалық тәсілдің ішкі мынадай түрлері сөзжасам еңбегінде төмендегідей көрсетілген: «Тілімізде аналитикалық тәсілдің мынадай ішкі түрлері бар: 1)сөзқосым; 2) қосарлау; 3) тіркестіру; 4) қысқарту» \1,91\.

Осы тәсілдердің әрқайсысы тілде әр түрлі күрделі сөз жасайды. Талас, пікір алалығы тіркесу арқылы жасалған күрделі сөздермен байланысты. Тіркестіру тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде » күрделі сөздің бір түрі деп берілген \1,97-98\ . Өйткені бұл күрделі сөздердің қайсысы болсын біртұтас лексикалық мағынаны білдіреді, бір сөздің қызметін атқарады, шындық өмірдегі заттың, құбылыстың, сындық белгінің, қимылдың, т.б. аталымы болып саналады. Сөйлемнің бір мүшесі болып, бір сөз ретінде сөйлемде түрленіп, сөз түрлендіруші қосымша оның соңғы сыңарына жалғанады.

Алайда, пікір таласы осы күрделі сөздердің сыңарларының бөлек жазылуына байланысты туып жататыны байқалады, кейде олардың мағына тұтастығына да күмән келтіретін жағдайлар кездесіп отырады.

Тіркесті күрделі сөздер құрамы, мағынасы, сөйлемде атқаратын қызметі жағынан біріккен, қос сөздермен тең түседі. Біріккен, қос сөздер сияқты тіркесті күрделі сөздер де екі не онан да көп мағыналы сыңарлардан жасалып, біртұтас лексикалық мағына береді, сөйлемге дайын лексема қызметінде кіріп, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады, бір ырғақпен арасы бөлінбей айтылады. Тіркесті күрделі сөздердің де құрамы тұрақты, сыңарларының орнын ауыстыруға болмайды. Біріккен, қос сөздерден бұл мәселелерде тіркесті күрделі сөздің ешбір айырмасы жоқ. Ал бұл белгілер сөзді тануға қойылатын негізгі белгілер болып саналады. Тек біріккен сөздер бірге жазылса, тіркесті күрделі сөздердің сыңарлары бөлек жазылады.

Тіркесті күрделі сөздер түркі тілдердің бәрінде танылған, өйткені түркі тілдерінде емле шартты белгі танылып, оның сөзді ажыратуда түркі тілдерінде қызмет атқара алмайтынын тәжірибенің өзі-ақ дәлелдеді. Алдымен түркі тілдерінде күрделі сөздер бірде біріккен сөз деп, бірде тіркесті күрделі сөз деп танылу бар. Тек бір тілдің өзінде де бір сөз бірде бірге, бірде бөлек бөлек жазу бары ақиқат шындық. Бұның өзі біріккен сөздер мен тіркесті күрделі сөздердің айырмасы тек емлеге ғана қатысты екенін көрсетеді.

Тіркесті күрделі сөздер сан алуан. Мысалы, ауыз әдебиеті, бала бақша, әлі күнге, бал қаймақ, жалаң аяқ т.б.

Бұлардың ішінде біразының бұрынғы сөз тіркестік қасиеті байқалып тұратындары бар: бала бақша, бал қаймақ, жалаң аяқ сияқтыларды алғаш анықтауыштық қатыстағы сөз тіркестерінің біртұтас лексикалық мағынаға көшкен тіркесті күрделі сөздер екені анық. Бірақ күрделі тіркесті сөз атауларының бәрі осындай деп қарауға келмейді. Оған мысал ретінде сан есімдердің өзіндік жасалу жолын алайық. Олар екі түрлі: 1) сыңарлардың мағыналарының қосылуы арқылы күрделі сан жасалады: он+бір= он бір, 2) күрделі сандардың сыңарларының көбейтілуі арқылы күрделі сан атауы жасалады: екі x жүз= екі жүз.

Күрделі сын есімдердің жасалуының да өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, қара көк, қызыл күрең, күрең қоңыр сияқты күрделі сындар құрамындағы сыңарларының түсінің қосындысынан шыққан үшінші түсті білдіреді. Бұлардың да күрделі санның жасалуының алғашқы түріне ұқсастық бар. Күрделі сын есімдердің құрамы тұрақты, олардың сыңарларының орны берік, орнықты болады. Бұл ерекшелік тек күрделі сындарға ғана емес, жалпы күрделі сөзге қатысты.

Тіркесті күрделі сөздердің құрамының тұтастығына олардың құрамындағы сыңарлардың орын тәртібі де жатады. Анығырақ айтсақ, тіркесті күрделі сындардың құрамындағы сыңарларының орын тәртібі де берік, әбден қалыптасқан, сондықтан олардың орнын ауыстыруға болмайды. Өйткені күрделі сындар белгілі құрамда, құрамындағы сыңарлар белгілі тәртіпте тұрғанда, бір мағына беретін болып қалыптасқан. Бұл күрделі сынның құрамының, құрамындағы сыңарлардың орналасу тәртібі берік екенін дәлелдейді.

Күрделі үстеулердің жасалуы да осы жолға аздап жақын. Мысалы, күні кеше, таң сәріде, ала жаздай дегендерде негізгі мағына екінші сыңарда деуге болады. Бірақ екінші сыңардың жеке тұрғандағы мағынасы оның күрделі үстеудегі мағынасымен тең емес екені айдан анық. Олай болса, күрделі үстеулер де сыңарларының синтаксистік байланыстың ізі сақталмаған.

Қазақ тілінде біріккен және тіркесті күрделі сөздердің жазылу емлесі әлі тұрақтамай келеді. Сол себепті бір күрделі сөздің өзі сөздіктерде түрліше беріліп жүргені белгілі. Бұл жайт біріккен және тіркесті күрделі сөздерді ажыратуда қиындық тудырады. Мысалы: ақбалшық (үй ақтайтын әк), ақбайпақ (сиыр малының індеті), бадамшай (бадам өсімдігінен жасалған шай), бойдақшай (сүтсіз шай), бойтемір (диірмен құралы), бойжүгері (жүгерінің бір түрі), қараөлең (шөп түрі) сөздері 2005 ж. орфографиялық сөздікте бірге жазылған, бойдақшай, бойтемір сөздері 2007 ж. сөздікте мүлде берілмеген. Қалай жазылатыны белгісіз. Осы айтылған сөздердің бәрі де 2005 ж. «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» бөлек жазылған. Күрделі сөздердің жазылу емлесінде мұндай ала-құлалықтар аз емес. Дегенмен, 2007 ж. өңделген соңғы орфографиялық сөздікте біріккен және тіркесті күрделі сөздердің жазылу емлесін жетілдіру мақсаты көзделген. Біз өз жұмысымызда күрделі сөздердің түрлерін ажыратуда осында берілген емлеге сүйенеміз.

Терминологиялық тіркесті сөз – бұл арнаулы кәсіптік ұғымның атауы қызметін атқаратын екі немесе бірнеше толық мағыналы сөздердің мағыналық және грамматикалық бірлігі. Құрамына қарай оларды екі сыңарлы, үш сыңарлы, төрт сыңарлы, көп сыңарлы тіркесті терминдер деп бөліп қарастырамыз.

«Әдебиет және лингвистика терминологиялық сөздігінен» екі сыңардан тұратын эпоним сөздерге мысал келтірейік. Мысалы:

Абай дәстүрі, Абай мектебі, Абай тілі, Алаш әдебиеті, Александрлық өлең, Алкеев шумағы, Алкман өлеңі, Гумбольд ілімі, Уилер заңы, Цимф заңы, Яфет теориясы, Яфет категориясы, Менипов сатирасы. Барлығы – екі құрамды 14 тіркесті эпоним термин. Үш сыңардан тұратын бір ғана *Сепир Уорф гипотезасы* эпоним термині кездесті.

Кез келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары, топонимдері арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Біз терминологиялық сөздіктен топоним сөздерді кездестіріп, оларға статистикалық талдау жасадық. Екі құрамды тіркесті топоним терминдер мыналар: *Египет жазуы, Енисей жазбалары, Орхон жазбалары, Петербор мектебі, Женева мектебі, Қазақстандағы тілдер, Лондон мектебі*, үш сыңардан тұратын тіркесті терминдерге: *Есік ойма жазбалары, Мәскеу фонология мектебі, Мәскеу Фортунатов мектебі, Петербор фонология мектебі, Прага тілтанымдық мектебі, Ертіс ойма жазулары, Ленинград фонология мектебі, Орал тілдерінің макросемьясы.* Төрт сыңардан тұратын бір ғана *Еуропа тіл білімі дәстүрі* тіркесті топоним термині кездесті.

Сөздікте сан жағынан ең көп кездескені екі құрамды тіркесті терминдер. Барлығы: 5635 екі құрамды тіркесті термин. Сөздік бойынша үш құрамды тіркесті термин саны – 3808.

Қорытындылай айтқанда, қазіргі тілдік қолданысымызда тіркескен түрде бір ғана сөйлем мүшесі болып, тіркесін жазбай тұрып әр түрлі сөз қоспай жұмсалатын сөздер бар. Мұндай қасиеттер бұл сияқты тіркестерді қалайда күрделі сөздер дәрежесінде тануға итермелейді. Олай болса, қазіргі ешбір күмәнсіз мойындалып жүрген күрделі сөздер: біріккен сөздер, қос сөздер, қысқырған сөздер қатарына күрделі сөздердің тағы бір түрін тіркесті күрделі сөзді қосу керек болады.

Тіркесті күрделі сөздер жан-жақты талданып, оның өзіндік белгілері, құрамы, сыңарлары, олардың сөз табына қатысы, сыңарлардың тек толық мағыналы дербес сөзден жасалатыны, күрделі сөздердің лексикалық бірлікке жататыны, біртұтас мағына білдіретіні, біртұтас мағынаның жасалатыны, ондағы сыңарлар мағынасындағы өзгерістер анықталды. Әдебиет және лингвистикалық терминологиялық сөздік бойынша күрделі тіркесті сөздердің сыңарларының құрамы анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989.
2. Орфографиялық сөздік. –Алматы: Арыс, 2005. -616б.
3. Орфографиялық сөздік. –Алматы: Арыс, 2007. -480б.
4. Әдебиет және лингвистика терминологиялық сөздік. –Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014, 14 мың сөз.

ӘОЖ 811.512.122:81'373.45

ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР

Балтабай Досжан Әмірұлы

baltabayev.dosjan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.Б.Мамаева

Тілдің сөздік құрамының толығып кемелденуі бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы болып қоймайды. Сонымен қатар өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден ауысып алу арқылы да тіл өзінің сөздік құрамын байытып, жетілдіріп отырады. Кірме сөздер дегеніміз – тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) моңғол тілі, 4) орыс тілі. Түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен сөз ауысу процесі қазақтың біртұтас халықтық тілі қалыптасуынан бұрын, орта ғасырлардың алғашқы кезінен басталады. Араб, парсы сөздері қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын жасайды. Олар тұлғасы жағынан да, семантикалық топтары жағынан да, қазақ тіліндегі игерілуі жағынан да әр түрлі дәрежеде [1,135].

Қазіргі қазақ тіліндегі араб және парсы төркіндес сөздер екі топқа бөліп қарастырылады. Бірі – қазақ тіліне ерте кезден-ақ әбден сіңісіп, қалыптасып кеткен, әрі мейлінше жиі қолданылатын сөздер. Бұл топтағы сөздер өзінің фонетикалық тұлғасын мүлдем өзгертіп жіберген болып келеді. Бұлардың шет тілдерден ауысып келгендігі негізінен ұмытылып та кеткен деуге болады. Бұған: адам, ажал, әлем, дәулет, құдірет, уақыт, халық секілді сөздерді мысал етіп келтірсек те жеткілікті. Араб - парсы тілдерінің екінші тобы – халық тіліне терең сіңісіп кетпеген, көбінесе дерлік кітаби лексикада қолданылатын, діни түсініктер мен абстракт ұғымдарды білдіретін сөздер. Парсы тілінің лексикалық элементтерінің басқа түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне ауысу процесін зерттегенде мықтап ескертетін жайт бар. Парсы-тәжік тілдері едәуір мөлшерде араб сөздерін өз бойына сіңіріп, біржола иемденіп алған, араб төркіндес элементтерді өздерінің төл сөздеріне айналдырып жіберген. Мұндай араб сөздері түркі тілдеріне парсы тілі арқылы ауысқан [2,43]. Л.З.Рүстемов «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» деген еңбегінде парсы сөздерінің түркі халықтары тілдеріне кіруін араб сөздерінен бұрын болған деп санайды: «...түп-төркіні иран тілдес болып келетін сөздердің түркі халықтарының тіліне ауысуы, парсы және түркі тілдерінің өзара инфильтрация жасау процесі ертеректе, арабтар